



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



**ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ
КҮТУЛЕР
ҚЫРКҮЙЕК 2025**

Инфляциялық күтулер әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Қыркүйекте қысқа мерзімдегі инфляциялық күтулердің тегістелген үш айлық көрсеткіші қайта жеделдеп, 13,7% болды. Респонденттердің жауабындағы белгісіздік деңгейі де әлі жоғары. Бес жылда күтілетін инфляция аздап төмендеп, 14% деңгейде қалыптасты.

Халықтың инфляциялық күтулері


2025 жылдың қыркүйек айында алдағы 12 айда күтілетін инфляцияның медианалық мәні¹ төмендеп, 13,2% болды (2025 жылғы тамызда – 13,6%). Сонымен қатар, құбылмалылыққа қарамастан, қысқа мерзімдегі инфляциялық күтулердің тегістелген үш айлық көрсеткіші 13,7%-ға (13,5%) дейін өсті.

Бес жылда күтілетін инфляцияның медианалық мәні 2025 жылғы қыркүйекте 14% болды (2025 жылғы тамызда – 14,2%) (1-график).

Респонденттер арасында алдағы бір жылда баға өсіміне қатысты белгісіздік деңгейі әлі де жоғары болып отыр.

2025 жылдың үшінші тоқсанында сауалнамаға қатысушылар бағаның өсуіне түрткі болған бірден-бір себеп деп – азық-түлік бағасының, коммуналдық қызметтердің, бензин мен дизель отынының, сондай-ақ айырбастау бағамының өзгерісін атаған. Сондай-ақ ҚҚС-ны көтеру алдағы баға өсіміне әсер ететін фактор ретінде көрсеткен респонденттердің үлесі біртіндеп азайып келеді (2-график).

1-график. Респонденттердің инфляциялық күтулері, %




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

График 2. Алдағы баға өсіміне әсер ететін факторлар



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

3-график. Респонденттерге сезілген (кейінгі 12 айдағы) инфляция мен нақты инфляция, %



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab, ҚР СЖРА ҰСБ


ірімшік пен шұжық екенін айтқан. Азық-түлік емес тауарлар құрылымында халық дәрі-дәрмек пен медициналық препараттардың, киім мен аяқкиімнің, тұрмыстық химияның қымбаттағанын көрсеткен. Ақылы қызметтерден респонденттер көбіне тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің, медицина қызметтерінің, интернет пен ұялы байланыс тарифінің қымбаттағанын атап өтті (4-график).

2025 жылғы қыркүйекте кейінгі 12 айда сезілген инфляцияның медианалық мәні 11,5%-ға дейін төмендеді (2025 жылғы тамызда – 12,5%), ал тегістелген үш айлық көрсеткіш 12,2%-ға дейін төмендеді (12,4%) (3-график).


2025 жылғы қыркүйекте азық-түлік бағасы өскенін атап өткен респонденттердің үлесі 79,4% болды (2025 жылғы тамызда – 82%). Ал азық-түлік емес тауарлардың қымбаттағанын айтушылар үлесі – 11,6% (8,2%), ақылы қызметтер қымбаттағанын айтқандар – 6,4% (5,8%).

Респонденттердің көбі азық-түліктен ең қатты қымбаттағаны – ет өнімдері жеміс-жидек пен көкөніс,

4-график. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері Азық-түлік



Азық-түлік емес тауар мен қызмет түрлері




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

Халықтың тұтыну көңіл күйі


Тұтыну көңіл күйі индексі 2025 жылғы қыркүйекте 102,7-ге дейін өсті (2025 жылғы тамызда – 102) (5, 6, 7-графиктер). Күтуді бағалауда алдағы бес жылдағы елдің даму перспективасына деген сенім деңгейі өскен. Сондай-ақ алдағы бір жылдағы жеке материалдық жағдайдың жақсаруына қатысты баға да жақсарған.

Сонымен қатар, қазіргі жағдайды бағалау кезінде қомақты қаражатқа сауда жасауға дайын болу көрсеткіші де өсіп отыр.


5-график. Тұтыну көңіл-күйі индексі²

Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

6-график. Күтулерді бағалау



7-график. Қазіргі жағдайды бағалау



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

ЕСКЕРТУ

¹ 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ. Себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті. Бұл респонденттердің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді.

Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

2025 жылғы қаңтардан бастап күтілетін және сезілетін инфляцияның медианалық бағаларын есептеу кезінде 2-4 п.т. аралықтар пайдаланылады, оған дейін – 4 п.т.

² Тұтыну көңіл-күйі индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдыңғы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- қомақты сауда жасау.

Қазіргі жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі бір жылда жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- қомақты сауда жасау индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні;

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән оң және теріс жауаптардың +100 арасындағы айырмашылығы ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән – оң мәндердің, 100-ден төмен – теріс мәндердің басым екенін білдіреді.